

#5

(941)
7 сәуір
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ДЕПУТАТ САУАЛЫ

ТЕРЕК ҚАЙ КӨШЕНІҢ БҰРЫШЫНДА, ТЕСТ СҰРАҒЫ ҚАЙ БІЛГІШТІҢ «УЫСЫНДА»?



**МӘЖІЛІС
ОСЫ АПТАДА
ЖҰМЫСҚА
КІРІСТІ. САЙЛАУ
НАУҚАНЫ КЕЗІНДЕ
ҚОРДАЛАНЫП
ҚАЛҒАН ТҮЙІНДІ
МӘСЕЛЕЛЕРДІ
СУ ЖАҢА
ДЕПУТАТТАР
АЛҒАШҚЫ
ОТЫРЫСТА-АҚ
ОРТАҒА ТАСТАДЫ.
БІРЕУЛЕРІ
«БУЫНСЫЗ ЖЕРГЕ
ПЫШАҚ ҰРСА»,
ЕКІНШІЛЕРІ
КӨПШІЛІКТІ
МАЗАЛАҒАН
ТҮЙТКІЛДІ ДӨП
БАСЫП ЖАТТЫ.**



Солардың бірі – Ирина Смирнова. 2016 жылдан бері Мәжіліс қабырғасында талай мәселе көтерген азулы депутат оқу-ағарту саласындағы тақырыптарды қозғады.

«Қала мен ауылдағы мектептерде қосымша сабақ пен курстар қаптады. Баланың мектепте жүру уақыты ұлғайып, бос уақыты азайды. Бұл оның денсаулығына зиян! Ал қосымша сабақ

өткізетіндердің көбі біліктілікті арттыру курсынан өтпеген», – дейді халық қалаулысы.

Ирина Смирнова мұғалімдердің білім деңгейін тексеретін тест сұрақтарын да сынға алды.

«Оқушылардың біліміне мұғалімнің түрлі даталарды білгені әсер ете ме? Мәселен, қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін Домбровскийдің «Көненің шырақшысы» романындағы теректің қай көшенің бұрышында өскені туралы сұрақ не үшін керек?

Сол сияқты музыкалық аспаптан немесе дене шынықтырудан сабақ беретіндер өз пәніне қатысы жоқ сауалдарға жауап беруге мәжбүр», – деді депутат.

Бұл – биыл екі мәрте оқу-ағарту министрі болып тағайындалған Ғани Бейсембаевқа қалған «мұраның» біреуі ғана.

BRENT \$84.88

USD 446 T

EUR 486 T

RUB 5,5 T

МӘЖІЛІС ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы:



«Мәжілісте ашық және жария түрде қызмет етуге барлық жағдай жасалған.

Журналистерге сұхбат беріп, түйінді мәселелер бойынша пікір білдіру – депутаттардың басты міндеттерінің бірі. Заңдарды талқылауға қоғам өкілдері мен тәуелсіз сарапшыларды шақыру да маңызды. Мәжілісте мәслихат арқылы өңірлердің де «үні» естілуі қажет»

СӨЗ-ЖЕБЕ

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Бағдарлама ұйымдастырушылары «ақша бар, бәрі жақсы, бағдарлама жұмыс істеп тұр» деп көрсетеді. Бірақ неге бұл жағдайда «7-20-25» бағдарламасы бойынша қазір Қазақстанда бірде-бір банк ипотека бермейді? Себебі маусым сайын лимит қойып тастаған. Халық банктер алдында түнеуге мәжбүр болып жатыр. Бұл тұрғыда «7-20-25» бағдарламасы бойынша лимитті алып тастау қажет. Бағдарлама 2029 жылға дейін созылады дегенімен, оған дейін аты бар заты жоқ бағдарламаға айналуы әбден мүмкін. Мыңдаған адам банктен мақұлдау алғанымен, лимит кесірінен үйдің кілтін ала алмай жүр»

АПТАНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

Ғалымжан ЕЛЕУОВ,
Мәжіліс төрағасы:



«Су тасқыны қаупі бар жерде жергілікті атқарушы билік үй салуға жол берген. Соның нәтижесінде жеке тұлғаларға да, мемлекетке де орасан зор шығын келіп отыр. Бұл жерлерді кім бергенін тексеріп, заңсыздыққа жол берген лауазымды тұлғалар жазасын алуы тиіс»

ИНФОГРАФИКА



ҮШ ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ

(2023-2025)



БАРЛЫҒЫ – 1 ТРЛН 162,9 МЛРД Т

2023
ЖЫЛЫ –
**709,4 МЛРД
ТЕҢГЕ**



2024
ЖЫЛЫ –
**231,6 МЛРД
ТЕҢГЕ**



2025
ЖЫЛЫ –
**221,8 МЛРД
ТЕҢГЕ**

ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ – 718,3 МЛРД Т

ӨҢІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ – 412,5 МЛРД Т

«ҚҰПИЯ» ШЫҒЫСТАРҒА – 1,8 МЛРД Т

БАСҚА ШЫҒЫНДАР – 30,3 МЛРД Т

Дереккөзі: Ұлттық экономика министрлігі

МЕНІҢ ПІКІРІМ

ҚАЗАҚСТАН – ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ БЕЛСЕНДІ МҮШЕСІ. СОНДЫҚТАН АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТҰРҒЫСЫНАН ҚОРҒАУДЫ ДА, ҚОЛДАУДЫ ДА ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. БЕС МЫҢНАН АСТАМ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ БАР ЕЛДІҢ МЕДИА КЕҢІСТІГІ МЫҚТЫ БОЛҒАНДА ҒАНА ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰРЛАУЛЫ БОЛА ТҮСЕДІ.

Казіргі уақытта Қазақстан медиа саласының алдында БАҚ пен бұқаралық коммуникацияларды дамыту мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді. Сол себепті де ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету және қоғамның БАҚ-қа деген сенімін арттыру өте маңызды деп есептеймін.

Қолыңды тоныңның жеңіне сұққанша жалмаңдап келген жаһандану процесі ешқашан тоқтамайды. Бұл бірінші кезекте ақпарат саласына тікелей әсер етеді. Технологиялардың қарқынды дамуы, цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық құралдардың өмірімізге жаппай енуі қазіргі медиа кеңістікті ғана емес, адамдардың санасы мен түсінігін де түбегейлі өзгертті.

Қазақстан ақпарат кеңістігі үш нәрсеге тәуелді: Рейтинг жинау, Сыртқы ақпарат тасқыны, Қаражат.

Қазір рейтинг қуу жарысы жүріп жатыр. Соның салдарынан ұлттық құндылықтар көбінесе ұмыт қалады. Телевизия, сайт, сонымен қатарлы дәстүрлі БАҚ та рейтинг көтеру соңына түсіп кетті. Бұдан шығатын жол бар ма? Бар. Барлық рейтинг не үшін жасалады? Қаржы, жарнама тарту үшін. Қазақстанда жарнаманы мемлекеттік тілде беру мәселесі қанша рет көтерілсе де шешілмей келеді. Егер осы мәселе шешілсе, рейтинг соңына түсу азаяды.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы көптеген жаңа байланыс арнасын ашты. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер



Нұртөре ЖҮСІП, Сенат депутаты, белгілі журналист:

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҮНЕМІ ЖАДЫМЫЗДА ҰСТАУЫМЫЗ КЕРЕК

тұтынушыға ақпаратты онлайн режимде алуға мүмкіндік беріп отыр. Медиа нарықта түрлі жаңа бағыт пайда болды. Ақпарат алмасу үдерісі жылдам өзгеріп жатыр. Біздің ел сыртқы ақпарат тасқыны астында қалып жатқан жағдайы да бар.

Сыртқы ақпаратқа тәуелділік. Өкінішке орай, біз көп жағдайда Ресей ақпарат көздерінің материалдарын аударып жариялаумен шектеліп отырмыз. Тікелей не жанама түрінде болса да негізінен ресейлік дерек көздерін пайдаланудан аса алмай отырмыз. Бұдан құтылудың жолы бар ма? Бар. Қазақ журналистері қазақ тілін жетік білумен қатар, түрік, ағылшын, қытай, жапон араб тілдерін жақсылап игеруі керек.

Қаражат. Дәстүрлі БАҚ өз қаражатын мемлекеттік тапсырыс арқылы қалыптастырады. Бүгінде редакциялардың жағдайы

нашарлады. Тираж жылдан жылға кеміп келеді. Қаламақы төлеу, іссапар шығындарын жабу, қағаз шығындарын өтеу, тасымал тағы басқа мәселелер өткір тұр. Қағаз құны жыл сайын қымбаттайды. Кеңес кезінде редакциялық қор – «редакционның фонд» деген болатын. Осы жоғалды. Қазір көптеген ақпарат құралы ЖШС-ға айналды. Меншік түріне қарамай, Редакциялық қор ұғымын заңдастыру керек. Сонда ғана редакция өз қызметін реттей алады. Журналистерге сыйақы беру, әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету мәселелері шешіледі. Бұл үшін Журналист мәртебесі «БАҚ туралы» заңда анықталуы тиіс.

Мессенджерлердің дамуына, блогерлік феноменнің пайда болуына орай, дәстүрлі журналистиканың классикалық ұғымы мен аудиторияға ақпарат беру әдістері өзгерді. Жұрт «қазір және осы жерде» болып жатқан оқиғаларға баса назар аударатын болды. Ақпарат тұтынудағы құбылыс журналистерден жедел әрі объективті ақпарат беруді және өз аудиториясын ұстап тұру үшін басқа да жаңа дағдыларды үйренуді талап етеді.

Мемлекеттік тілдегі контентті көбейту мен күшейту – өзекті мәселе. Мемлекет басшысы жақында Ақпараттық доктринаға қол қойды. Бұл құжат біз үшін маңызды. Ішінде бірталай жақсы нәрсе бар. Қалай болғанда да, біз ақпараттық қауіпсіздік мәселесін үнемі жадымызда ұстап отыруымыз керек.

ДҮЙСЕНБІДЕН БЕРІ ЖҰРТ АУЗЫНДА ЕКІ ӘҢГІМЕ. БІРІ – ҚАЙТА ЖАСАҚТАЛҒАН ҮКІМЕТ, ЕКІНШІСІ – БЕНЗИН. РАС, АТҚАРУШЫ БИЛІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН КӨКПАРҒА САЛУ БҰРЫНАН БАР ҮРДІС. БІРАҚ БІЗДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР КЕЙДЕ, ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, СЫНДАРЛЫ МІННЕН ГӨРІ ДӘЙЕКСІЗ ДӘЛЕЛГЕ, ШОЛАҚ БЕЛСЕНДІНІҢ БЕТАЛДЫ ШҮЙЛІГУІНЕ ҰҚСАП КЕТЕДІ. ӘСІРЕСЕ, ҚАЙСЫБЫР САРАПШЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ «БІЛГІШТЕРГЕ» ҚҰЛАҚ ТҮРСЕҢ...

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ХАҚЫНДА

Сынның көптігі сонша, көз сүрінеді. Көбі «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегеннің кері. Арасында аз-маз тиын-тебен алса, сан құбылып, басқаша сайрайтындар, «ақыл айтқыш» популистер де жүр. Күнкөрісі мен тіршілік елдің экономикалық әлеуетіне кеп тірелетіні бесенеден белгілі. Осы саладағы ахуал қандай, атқарушы не бітірді, нені жасай алмады? Шама жеткенше осы сауалдар төңірегінде сөз қозғасақ.

Қаңтар оқиғасынан кейін құрылған Үкімет болашақта атқарылар ауқымды шаруаға емес, кезек күттірмес міндетке бас қатырды. Ең алдымен қанды сойқанның зардабын жою, қираған дүниені қалпына келтіру, кәсіпкерге өтемақы төлеу қолға алынды. Әлі ес жимай жатқанда Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс салмағы зілбатпан «санкция соғысына» ұласты. Салқыны тимей қоймады. Жақыннан дорбалауға мүмкіндік аз. Отандық өнімнің үлесі мардымсыз. Содан алыстан арқалауға тура келеді. Алдымен қант тапшылығы сезілді. Қолдан қымбатшылық жасайтын алыпсатар мен делдалдың дәурені жүрді. Инфляция 20 пайызға жетті. Азық-түлік пен тұтыну бұйымдарының елеулі бөлігі

сырттан әкелінетінін, яғни импортқа тәуелді екенімізді ескерсек, бағаның шарықтауы – қалыпты құбылыс. Олай дейтініміз, Америка мен Еуропадағы бай мемлекеттер де қымбатшылық құрсауында. Толассыз шеру мен митинг соның айғағы. Тек біздегі «ерекшелік» – ашкөз саудагер мен орта жолдан пайда табатын тойымсыз делдал ауыздықталмайды. Ниет бар, нақты әрекет жоқ.

Сауда соғысы көлік логистикасы мен тасымалда біраз қиындық тудырды. Бұрын төтелей тартатын тауар енді айналып, орағытып жүруге мәжбүр. Тасымал құны өскен сайын бұйым да қымбаттайды. Теңіз жолдарынан жырақта жатқанымыз да «жығылғанға жұдырық». Бұл,

әсіресе, Қазақ мұнайын әлемдік базарға терістік көршінің аумағы арқылы жеткізетін Каспий құбыр желісінде (КТК) ақау шыққанда білінді. Әйтеуір, Үкімет әбжіл қимылдап, «алтын дарияның» ағысы тоқтаған жоқ. Қазынадағы кірістің жартысына жуығын беретін «қара алтынның» арқасында мемлекет зейнетақы, жәрдемақы, бюджетке қарасты қызметкер мен жұмыскердің жалақысын уақтылы беріп, әлеуметтік міндеттемесін мүлтіксіз орындады.



Геосаяси ахуалдың күрт құбылуы, алпауыт мемлекеттер арасындағы текетірестің күн санап өршуі сыртқа баламалы бағытты іздеу қажеттігін тағы да қаперге салды. Кезінде өзімізді жанармаймен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, артығын сыртқа жөнелтуге мүмкіндік беретін төртінші мұнай өңдеу зауытынан бас тарту қате шешім болғанын амалсыз мойындағанымыз сияқты. Сол зауыт салынғанда біздің бензинді қырғыз жеріне бөшкелеп әкетпес еді.



**СЕРІК
СМАЙЕВ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ**

АЛМАТЫДА

БҰДАН БЫЛАЙ АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ МОПЕД АЙДАУШЫЛАРДЫ «СЕРГЕК» ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚАДАҒАЛАЙТЫН БОЛДЫ. ОЛ ҮШІН ӘР КУРЬЕРГЕ НОМЕР БЕРІЛЕДІ. НОМЕР ЖЕТКІЗУШІ КОНТЕЙНЕРІНІҢ СЫРТЫНА ЖАЗЫЛАДЫ. ШАҒАР ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ МҰНДАЙ ШЕШІМГЕ КЕЛУІНЕ КӨПТЕГЕН МОПЕДШІЛЕРДІҢ ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАМАЙТЫНЫ ТҮРТКІ БОЛЫП ОТЫР. КӨБІ ТІПТІ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ ЖОЛЫНА ТҮСІП АЛЫП ЫЗҒЫТАДЫ.



Алматы полициясы жеткізу сервисімен айналысатын компаниялармен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. «Сергек» компаниясының көмегімен арнайы ақпарат базасы құрылып, курьерлік қызмет базасымен кіріктіріледі. Бұл жол ережесін бұзған мопедшіні жылдам тауып, жауапқа тартуды жеңілдетеді. Сондай-ақ мопед жүргізуге қазіргідей 16 емес, 18 жастан рұқсат беру керек деген ұсыныс бар.


Полиция мәліметінше, соңғы үш айда Алматыда мопедшілердің кесірінен 199 жол апаты орын алды, бір адам мерт болды.



ПАРИЖДЕ



ТАЯУДА ПАРИЖДЕ ЭЛЕКТРОСАМОКАТТЫ ЖАЛҒА БЕРУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ МӘСЕЛЕСІ РЕФЕРЕНДУМДА ТАЛҚЫЛАНДЫ. БІР ҚЫЗЫҒЫ, ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 90 ПАЙЫЗЫ «ТЫЙЫМ САЛУ КЕРЕК» ДЕП ДАУЫС БЕРДІ. 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ПАРИЖ КӨШЕЛЕРІНДЕ ЭЛЕКТРОСАМОКАТШЫЛАР ЖҮЙТКИ АЛМАЙДЫ.



Француз астанасының мэрі Анн Идальгоның пікірінше, мопед пен электросамокат көше қозғалысын тым қиындатып жіберді.

Le Figaro жазғандай, өткен жылы Парижде самокаттан 456 адам зардап шегіп, 3 адам қаза болды. Электросамокат «ерттегендер» жаяу жүргінші жолына түсіп алып, сағатына 27 шақырымға дейін құйғытатын көрінеді. Оның үстіне самокатты кез келген жерге тастап кетеді. Кейде тіпті Сена өзеніне лақтырып жіберген.

ЖЕЛДЕЙ ЖЫЛДАМ, ҚҰЙЫНДАЙ ҚАУІПТІ



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Нағашым Бекасыл әулие «тіршілік иесіне зияныңды тигізбе» деп тәрбиелеген еді. Адам өлтірмейін, қан арқалап күнәға батпайын дедім. Атпағаным әлі күнге ризамын. Сені аман-есен көрдім, туған жерімнің топырағы бұйыратын болды, – деп қуанған еді. Өзі әріп танымайтын. Соны пайдаланған салық жинаушы бір төлеген салығын қайта төлетіпті. Оны көрші жігіт байқап, әкеме айтқан. Соған намыстанған ол кісі маған «сені басым жерге тигенше оқытамын» дейтін. Сол сөзі мені барлық уақытта қайраттандырып, жігерлендірді.

Әкеме тағы бір таңғалатыным, жеңгелерімен қатты әзілдесетін.

Ол кісілер әкемді көрген кезде күліп, мәз-мәйрам болатын.


Соғыстан алған жарақатына байланысты әкем қара жұмысқа жарамай колхоздың қойын бақты. Үш айлық демалысымда атқа мініп, бір отар қойға мен иелік ететінмін.

– Балам жәрдемге жарап қалды, – деп әкем төбесі көкке жеткендей қуанса, мен әкеме көмектескеніме, Ақсудың терең сай, қия беткейлерінде, Асантағайдың, Төбеліктің жоталарында жаз бойы қой соңында жүріп, ат үстінде кітап оқғанымға қуанатынмын.

Күн арқан бойы көтеріліп, ауа ыси бастағаннан қой бірінің бауырына бірі басын жасырып, уездейді. Мен кішілеу көлеңке-күрке жасап, қазақ, орыс жазушыларының кітаптарын оқуға кірісетінмін. Мен үшін жазғы үш айлық демалысымда қой баға жүріп, кітап оқығанымның өзі бір мереке-той еді.

...Жаз шыға жайлауға көшетінбіз. Әкем екеуіміз атпен көрші ауыл шетінде тауға қарай кетіп бар жатқан едік, бұзау арқандап жүрген мен құралпылас қызды көріп:

– Балам, ысқырып, ана құрбыңа өзіңнің бар екеніңді білдір, – деді



МАМЫТБЕК ҚАЛДЫБАЙ: СІЗДІ, АПА,

ықыластана. Мен ысқырып едім, қыз біз жаққа жалт қарады. Сол сәттегі әкемнің мәз болып қуанғанын көріп, ішкі ойын, яғни менің ертерек ержетіп, жігіт болғанымды, үйленгенімді қалайтынын, сол күнді көрсем деп армандайтынын сездім.

Jas qazaq: Анаңыз жайында естелік айтқанда үнемі көзіңіздің алмасын жас жуады. Сағынышыңыз ба?

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: Әрине, ананың алақаны, мейірімі ештеңемен теңеспейді. Анам сырқаттанып жүрген. Мені үйімізден алыс дүкенге жұмсады. Ерініп, тілін алмадым. Ол кісі ешқандай ренжіп, ашуланбай өзі кетті. Сонда неге тілін алмадым деп қазір қатты өкінем.

Үйде су таусылып, құлақшынымды, ескі тонымды киіп, екі жүз метрдей шалғайдағы өзенге бардым. Қолымда жалғыз шелек. Көк мұз көмкерген жағадан ептеп су

ала бермек едім, толқын шелегімді өзімен бірге ала жөнелді.

– Енді не істеймін? Анам ренжитін болды-ау, – деп еңкейіп қарасам, шелегім екі мұздың арасына кептеліп тұрып қалыпты. Қуанып кеттім. Суды етігіммен кеше-меше шелекті жағаға алып шықтым. Оны жартылай суға толтырып, шана секілді сүйреп, үйге келсем, әкеме ұзатылғандағы жасауының бірі – сандықта сақтаулы жатқан тұскиізін құшақтап, анам жылап тұр. Шошып кеттім. Кейде, көңілденген сәттерінде тұскизді алдыма жайып:

– Мұны сен үйленгенде келін бала екеуіңнің тұсына іліп қоямын, – дейтін қуаныштан сұлу өңі бал-бұл жанып. Енді қайғыдан езіліп, егіліп тұр. Азып кеткен, құр сүйегі ғана қалған.

– Апа, өлмеңізші, өлмеңіз, – деп анамды құшағыма қысып, жылап жібердім.

– Мен өлмеймін, қорықпа, күнім, жарығым,
– деді анам күлімсіреп, мені аялай жұбатып.
Кірпіктеріне ілінген мөлдір жасты көйлегімнің
жеңімен сүртіп, іштен тындым...

Jas qazaq: Анаңыз сіз неше жасқа
толғаныңызда қайтыс болды?

– Он жасымда қайтыс болды. Бір күн
бұрын «көшенің кеуде тұсындағы Бекбосын
атаңның үйіне барып қон. Ертеңгілік мектепке
жеткеніңше суыққа ұрынып, ауырып қаласың»
деді. Менің барғым келмеп еді, қоймай талап
еткен соң, амал жоқ кеттім. Анам сол түні
қайтыс болыпты. Мені шошып қалмасын деген
екен. Өзі өмірден өтіп бара жатса да, менің
амандығымды ойлапты...

Бұл күндері анамды бір көрсем деп аңсаймын.
Кейде оңаша қалған сәттерімде:

– Айналайын, асыл анашым, бәрі бір сіз
бақыттысыз. Тұсымызға ілем деп армандаған
алуан өрнекті, сан бояулы тұскиізіңіз жүрегімнің
төрінде ілулі тұр, – деп ойша сырласатыным да
бар.

ӘЗИЗА НҰРМАХАНОВА АПАЙЫМА

Қамқоршы боп қолтығымнан

демеген,

Мейірімді жан едіңіз не деген?!

Сен қайдағы, мен қайдағы

демеген,

Періштемсіз, мені нұрға

бөлеген.



Ерлікке тең сіз жасаған жақсылық,

Қуанғанмын тау суындай тасынып.

Сізге деген алғысымның шегі жоқ,

Күлдім еркін, көгім бұлттан ашылып.

Ризамын мейіріміңізге аналық,

Ризамын мейіріміңізге даналық.

Мақтан етем сіңлісі деп Әлияның,

Елім үшін жан беріскен, жан алып.

ҰМЫТПАЙМЫН ЕШҚАШАН

Сәті түскен күні Мүслім досыммен
ақылдасып «Алмтыға көшіп келуіме қалай
қарайсың?» дегенімде, «көшіп келе бер,
аштан өліп, көштен қалмайсың» деп
кезінде Қарапалпақ АССР-і Оқу министрі
болған, бүгінде Абылай хан атындағы
әлем тілдері университетінің кафедра
меңгерушісі, филология ғылымының докторы,
профессор, «Қыздар», «Шығыстың шынары»
деген романның авторы, жазушы Әзиза
Нұрмаханова апаймен таныстырды. Ол кісі
өлеңдерімді ұнатып:

– Төлеген Айбергеновке көмектесе алмай
өкініп қалған едім. Саған көмектесейін, – деп
мені Алматы облыстық «Жетісу» газетіне
орналастырды.

Jas qazaq: Тамаша!

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: Әзиза апайға арнған
өлеңді оқиын ба?

Jas qazaq: Оқыңыз.

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ: Қойын дәптеріме
қарап оқымасам ұмытып қаламын.

СІЗГЕ ДЕГЕН АЛҒЫСЫМНЫҢ ШЕГІ ЖОҚ

Қиындықтың қаһарынан ықпаған,

Көп емес-ау сіздей қайсар, мықты адам.

*– Ақ тілегім, жолың болсын жортқанда, –
Деп, анамсыз қадамымды құптаған.*

Қалмасам деп шулы өмір көшінен,

Бала кезден армандап мен өсіп ем.

Мың, мың алғыс, айналайын ақ анам,

Сізді ешқашан шығармаймын есімнен.

Қашан болсын көңлім сізді іздер көп,

Алдыңызға бас иемін тізерлеп.

Ақ сүт берген анамдайсыз сіз маған,

Аздық етер айтсам да алғыс жүз рет...

Сізді, апа, ұмытпаймын ешқашан,

Қайраттанам, айбаттанам еске алсам.

Кешірмеңіз кір жұқтырсам арыма,

Кешірмеңіз барар жерге кеш барсам...

АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН АЛТЫНАЙ



**АЛТЫНАЙ
ЕСІМДІ
15 ЖАСАР ҚЫЗДЫ
ФОТОГРАФ,
РЕЖИССЕР
ЕРНАР АЛМАБЕК
КЕГЕН АУДАНЫ
ЖАЛАҢАШ
АУЫЛЫНДА
КӨКПАР ТАРТЫП
ЖҮРГЕНДЕРДІҢ
АРАСЫНАН
КЕЗДЕЙСОҚ
БАЙҚАП
ҚАЛЫПТЫ.**

«Көп бозбаланың ішінде атқа мініп жүрген жалғыз қызды көргенде көрерменнің бірі болар деп мән бермегем. Көкпар басталғанда әлгі қыз додаға кіріп кеткені... Әрине, жігіттер сияқты ұзақ шаппады. Бірақ осы әрекетінің өзі тамсануға тұрарлық. Есімі Алтынай екен. Жасы 15-те. Демалып тұрған сәтін пайдаланып, суретке түсіріп алдым», — деп



жазды ол өзінің Инстаграм парақшасында.

Алтынайдың көкпарға қызығып жүргеніме бір жылдай болыпты. «Салым салмадым, бірақ жерден іле аламын. Әкеммен басында еріп алған болатынмын. Содан кейін әкем «қыз баласың, қой, барма!» деген. Бірақ өзімнің сұрауым бойынша барамын дедім. Содан бардым», — дейді ол.

**Бас редактор —
директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас директордың
орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)